«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалауының

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Хромтау қаласы
Мамыр 2025 жыл

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалауының қорытынды

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»,"Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің 30.05.2024 жылдың №18-2-06-/1031 хаты.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Абдрахманова Айжан Кыдырбековна	Мектеп директоры
Алмаганбетова Айгуль Сарсенбиевна	Мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасары
Раева Айман Баймурзиновна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Жалекешова Гульназ Калиоллаевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Куптлеуова Алия Бейбитовна	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары
Абдуалиева Альмира Аслановна	Педагог-психолог
Нұрадинова Іңкәр Дәулеткерейқызы	Әлеуметтік –педагог
Уразбаева Салтанат Какимовна	Кәсіподақ ұйымының төрағасы
Идрешова Гулнар Жылкибаевна	Тарих пәні мұғалімі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

«№1 Хромтау орта мектебі» туралы жалпы мәлімет

1) Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2) БСН 090140002411 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 17 қаңтарда берілген.Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2009 жыл 9 қаңтар.
3) Заңды мекен-жайы: 030211,Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Леонид Шиловского көшесі-8б.Электрондық мекен-жайы: *shkola.khssh@mail.ru,* Телефон, факс: 8(71336) 21664.

4) - Мектептің техникалық паспорты 2017 жылы 11 шілдеде жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3, құрылыс ауданы-1078,4, ғимараттың ауқымы-12103, жалпы алаң-2324,5, салынған жылы-1965 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
5) - «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде № 137-1904-ММ 17.01.2021 жылы тіркеліп /алғашқы иіркелген күні 09.01.2009ж/, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
6) - «№1 Хромтау орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»;
7) - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы – Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті технакалық тексеру департаментінің Хромтау аудандық 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 32 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,006 га) кадастрлық номері: **02-040-004-1892** (көшірме қосымша ұсынылады).
8) Мектептің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БжҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
9) Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 26 ақпан 2021 жылғы №KZ95LAA00024972, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
10) Мектептің қаржы-экономикалық жағы орталықтандырылған бухгалтерия. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
11) «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепішілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Абдрахманова Айжан Кыдырбековна 2021 жылы 05 қараша Хромтау аудандық білім бөлімінің №133 ж/қ бұйрығымен №1 Хромтау орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай аттестаттау комиссиясының 2025 жылы 14 сәуірдегі №57 хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Аттестатталды»

Мектепте 2023-2028 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

І кезең-2023-2024 ж.

Білім саласын дамыту бойынша негізгі шараларды іске асыру және білім беруді дамытудың басты міндеттерін қамтамасыз ететін кіші бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру.

ІІ кезең-2024-2025 ж.

- Білім беру ұйымы педагогтарының практикалық қызметіне интербелсенді оқыту нысандарын дамыту және жүзеге асыру.

- Даму бағдарламасын іске асыру бойынша мектеп қызметінің нәтижелерін сырттай сарапттауға ұсынып ұжымының шығармашылық көпшілік есептері.

ІІІ кезең – 2025-2026 ж.

Білім беру ұйымының даму бағдарламасының негізігі бағыттары бойынша ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын іске асыру.

Өзекті мәселе: «Мектеп оқушыларының толық жеке дамуына бағытталған сапалы білім».

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

- ✓ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, дағдысын қалыптастыру;
- ✓ Білім беру сапасын жоғары деңгейге көтеру;
- ✓ Өзін-өзі дамытуға құштар, икемді, ақпараттық, интеллектуалдық ресурстарды қолдануға қабілетті, жеке тұлға қалыптастыру;
- ✓ Білім беруді басқаруды одан әрі ізгілендіру және демократияландыру;

- ✓ Білім мазмұнын жаңалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын дамытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың білім сапасының көтерілуіне ықпал ету;
- ✓ Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.
- ✓ Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту;
- ✓ Мектептің білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында, материалдық-техникалық базаны жақсарту.

Істер номенклатурасы:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген.«**Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»**.
(Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 /ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 47 бұйрығымен өзгерістер енгізілді/ бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;**

3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген**«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелерқызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** негізінде құрастырылды**.**

Білім мекемесінің іс қағаздары:

01-Басшылық және бақылау
02-Кадрлармен жұмыс
03-Оқушылармен жұмыс
04-Оқу бөлімі
05-Оқу-әдістемелік бөлімі
06-Оқу-тәрбие бөлімі
07-Психолог кабинеті
08-Кітапхана
09-Медициналық кабинеті
10-Шаруашылық бөлімі
11- Әлеуметтік педагогтың жұмысы
12 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген,құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкесҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2021 жылы 2 қыркүйек №71/2 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептемегенде 7 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

Параграф 1

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамыр №195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 348 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірінің 2022 жылғы

14 қазандағы №422 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министірілігініде 2022 жылғы 17 қазандағы №30183 болып тіркелді.

Қорытынды:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы өзгерістер енгізіліп ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен 1-қосымша 2-тарау 4-тармағы 1) тармақша, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1- қосымша және 2-қосымшаға сәйкес келеді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірінің 2022 жылығы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министірілігініде 2022 жылығы 17 қазандағы №30183 болып тіркелді.

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылындағы аталған өлшем шарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімдері, дене шынықтыру мұғалімі стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту,білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Педагогтердің бейнесабақтары үзінді ретінде берілген.Алайда педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау,педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша бейнесабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі

топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

"Біртұтас тәрбие тәрбие " бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған,балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған,талапқа сай жасақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы 1-қосымша 2-тарау 4-тармақ 2) тармақша, 5, 9-13-тарамғына сәйкес келеді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3-тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша;Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 дейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады.Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік–кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды.Пәндік-дамытушы ортада заттық обьектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері,пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы толық жиһаздармен жабдықталған. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру 1.2 бөлімі бойынша бағасы zhaqsy интернет жылдамдығы 100 Мбс/с –тан астам

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 8-тармақ, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы 1- қосымша 1 - тарау 3 тармаққа сәйкес келеді.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады: 2024-2025 оқу жылында 2 педагог жұмыс атқарған. Екі педагогта білімі - арнаулы орта, санаты - 2 педагог-модератор.

МДТО деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер	Жоғары біліктілік	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші біліктілік санаты	%	Педагог-шебер	%	Педагог-	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%	Сапа
2024-2025	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2	100	0	0	100

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы 1.1 бөлімі бойынша бағасы / zhaqsy / мектепалды даярлық сыныбының өлшеуіштерге сәйкес келеді.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2024-2025 оқу жылында даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар 3 тәрбиеленуші болды.

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған.

2024-2025 оқу жылында қазақ тобында 21 бала, орыс тобында 12 бала.Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінен "Денсаулық/Здоровье","Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім дағдысы бойынша диагностика жүргізілген.

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 7-тармақ, 4- тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбылардың тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Мектепалды даярлық сыныбылардың күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті циклограммада көрсетілген.

Қазақ сыныбы - қабылдау уақыты 14:00 - 16:00, оқу қызметінің ұзақтығы 14:00-16:00,үйге қайту 16:30 (ата – аналармен байланыс).Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Орыс сыныбы - қабылдау уақыты 11:00-11:30, оқу қызметінің ұзақтығы 11:30 - 13:30, үйге қайту 14:00 (ата – аналармен байланыс).Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінен "Денсаулық/ Здоровье", "Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім дағдысы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған. Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагогтар бірлескен іс- әрекеті негізінде жүргізілген. Сабақ кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық сыныбының арнайы оқу бөлмесі 55 ш/м құрайды. "Денсаулық/Здоровье", "Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім беру дағдысы негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар(мозайкалар,құрастырғыштар, т.б.) бар.

Мектепалды даярлық тобын зерделеу кезеңіндегі зияткерлік конкурстарға қатысып жақсы нәтиже көрсеткен. «Ұлы жеңіске тарту» шығармашылық байқау, «Ғажайып әлем», «Тәуелсіз Қазақстан», «Үркер» интеллектуалды конкурс бойынша дипломмен марапатталған.Балалардың жетістігін айқындайтын диплом, марапаттарының көшірмесі ұсынылған.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Зияткерлік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері 1.3, 1.4 бөлімі бойынша ortasha деп бағаланды.

Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы».
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

2024-2025 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей:

Топтар	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
Даярлық сынып /қазақ/	21	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0	«Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-3 «Таным»- 4 «Қатынас»-3 «Әлеумет» -4	«Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-8 «Таным»- 8 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -6
Даярлық сынып /орыс/	12	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0	«Денсаулық» - 6 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 5 «Қатынас»- 5 «Әлеумет» -4	«Денсаулық» - 8 «Шығармашылық»-8 «Таным»- 8 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -6

9.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2024-2025 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-II тобында «Денсаулық»-192 сағат, «Қатынас» -384 сағат, «Таным» - 384 сағат, «Шығармашылық» - 192 сағат, «Әлеумет» - 128 сағат.Жылдық оқу жүктемесі – 1280 сағат. Ұсынылған материалдарды зерделеуде 2024-2025 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтардада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған,баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

Оқу жылы	Топтар	Жалпы көлемі	Вариативтік компонент	Оқу жүктемесі
2024-2025 оқу жылы	Даярлық сынып /қазақ топ/	21	-	20 с
2024 -2025 оқу жылы	Даярлық сынып /орыс топ/	12	-	20 с

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 14-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 Бұйрығы 1-2 қосымшасына сәйкес келеді.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі – қазақша/орысша.

Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-2 қосымшалары 2021-2022 оқу жылына алынды.

Оқу жылдары	**Оқыту тілі**	**Үлгілік оқу жоспары**
2024-2025 оқу жылы	Қазақша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1 қосымшасы

2024-2025 оқу жылы	Орысша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 2 қосымшасы

Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар білім беру ұйымы басшысының бекіткен өтпелі тақырыптарымен сәйкес келеді. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 14-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 Бұйрығы 1-2 қосымшасына сәйкес келеді.

10.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшем шарттардың 6 қосымшаласына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын сауалнамаға қатысқан ата-аналар (заңды өкілдер) 100%-ды құрайды. Ата - аналардан немесе тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінен сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарымен сауалнама өткізілген. Сауалнамаға барлығы 28 ата-ана қатысқан. Ата-аналар толтырған сауалнамалардың түпнұсқалары алынып, талдау жасалды. Сауалнамаға қамтылған ата-аналар сауалнамадағы дағдылардың мазмұнын түсінгендігін, сауалнаманы өз ықыласымен толтырғандығындығын. Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы сыныбындағы балалардың ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр. М**ектепке** дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (білік пен дағдылар диагностикасы) нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер 50 %-дан кем емес. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру 2.1 бөлімі бойынша zhagsu деп бағаланды.

ҚОРЫТЫНДЫ. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау 20-тармағына өзгерістер енгізіліп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 № 348 бұйрығымен сәйкес келеді.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) **МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру.**

Ұсынылған әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды.Ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдары білім беру салалары, оқу қызметінің атауы, жас ерекшелігі ұсынылған. Оқыту процесінде ұйымдастыруда балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Мектепалды даярлық І- тобы «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» пәнінен «7,8,9 сандары мен цифрлары» сабағы. Оқу қызметінің өту барысы оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшеліктеріне арналған. Оқу қызметінің ұйымдастыру бөлімінде оқушыларды «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы тұрғызып, оқушылардың ынтасын аударды. Балалар «Сиқырлы сандық» әдісі бойынша топқа бөлінді. «Кім жылдам?» арқылы өтілген материалды еске түсірді. Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Өз орныңды тап» ойынын жаңа сабақтың тақырыбын ашуға ұтымды пайдаланды.

Сонымен қатар оқу қызметінің барысында «Түсіне қарап бөл» арқылы топтық тапсырма орындалды, дәптермен жұмыс жүргізілді. Оқу қызметі тиянақты көрнекілікпен, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Ұсыныс: Оқу қызметінде дәстүрлі сабаққа қарағанда жаңартылған білім беру мазмұнына сай элементтерді әлде де дамытып, пайдалану. Педагог оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзыреттілігін дамыту. Мектепалды даярлық II- тобы «Жаратылыстану» пәнінен «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» тақырыбындағы бейнесабағы. Оқу қызметінің барысы «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы жаңа тақырыпты бастады. Оқушылардың зейінін өзіне аударды. Оқу қызметі барысында топтық тапсырма, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап әдісі және жазба жұмыстары жүргізілді. Білім букті пайдаланып суреттер, мақал-мәтелдер көрсетілді. Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Сергіту сәті» жүргізілді. Ұсыныс: Келесі оқу қызметінде Білім буктің мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушылар да цифрлық білім беру ресурстарынмен жұмыс жасау. Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін білу үшін кері байланыс жүргізу. Мектеп алды даярлық III- тобы. Сауат ашу пәнінен «Біздің ойындарымыз. Сөйлем» тақырыбында бейнесабақ. Оқу қызметі кезеңдері сақталған. Жазылым оқылым, тыңдалым дағдылары жүргізілді. Оқу қызметінің өту барысы, оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшелігіне сай арналған. Сабақта алған білімдерін тапсырма орындау барысында пайдалана алды. Оқу қызметі соңында оқушылардан кері байланыс алынды. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым – қатынасы жақсы.Ұсыныс: Оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. Жеке және топпен орындайтын тапсырмалар арқылы балалардың белсенділігін арттыру. Сын тұрғысынан ойлауға, ізденіске бағыттауға жағдай жасауды қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 16-тармағына сәйкес келеді.

2) **жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау**

Жыл басында даярлық сынып балалары денсаулық саласы бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру дағдысы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру дағдысы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру дағдысы; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру дағдысы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 де» інгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

2024-2025 оқу жылы

№	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	2/33	86%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	2/33	90%
3	Танымдық дағдылар	2/33	95%
4	Шығармашылық дағдылар	2/33	95%
5	Әлеуметтік дағдылар	2/33	95%

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау 20-тармағына өзгерістер енгізіліп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 № 348 бұйрығымен сәйкес келеді.

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. 2024-2025 оқу жылында 33 бала 2 топ. Оның ішінде 33 -бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

1- қосымша 5- тарау 22 – тармақ 2) тармақшаға сәйкес келеді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы 2024-2025 оқу жылында білім алушыларды оқуға қабылдау, оқушы құрамынан шығару мектеп директорының бұйрықтарымен жүзеге асырылған. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылығы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен 1-қосымша 5-тарау 22– тармаққа сәйкес келеді.

Параграф 2

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2024-2025 оқу жылында

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау:
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 74 бабын негізге ала отырып, Хромтау ауданының аумағындағы мектептердің медициналық кабинетін пайдалану үшін «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шарты» 2018 жылдың 5 қаңтар айында «Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ және «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Хромтау аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының арасында шарт жасасқан. 2021 жылдың 5 қаңтарынан 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін 2021 жылдың 5 қаңтарында қайта шарт жасасқан.Медициналық қызметке лицензия №10375DD 2015 жылы 20 мамырда берілген. Мерзімі-шектеусіз. Медициналық кабинет бар.

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 60 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 67м^2. Бөлме саны – 2. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 16,5 м^2. Ас ішетін бөлменің ауданы – 34,2м^2, ыдыс жуатын жер -11 м^2, қойма -6 м^2.

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина (ыстық сумен қамтылған), қол кептіретін құрал, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар.Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар.Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы - 1 дана. Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды.

Тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана

Өлшеуіш құрал (электрлі) - 1 дана

2024-2025 оқу жылы бойынша жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақпен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 21 оқушы тізімге алынды.«№1 Хромтау орта мектебі»- де тегін ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылған. Тамақ тасымалдайтын арендаторлармен келісімшарт жасалған.

Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.

№1 Хромтау орта мектебі 1965 жылы қолдануға берілген. Мекен-жайы:Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Л.Шиловский көшесі 8Б. Ғимарат қабырғаларының материалдары силикат кірпіш. Типтік үлгідегі ғимарат 520 оқушыға арналып салынған. Үш қабатты. Жалпы алаңы 2324,5 кв.м. Жұмысшы ауданы-12103 кв.м. Оқыту тілі қазақ және орыс, жұмыс реті – екі ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 634 оқушы білім алуда. Заңды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 11 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. БСН0901400002411. Заңды тұлғаның атауы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектепке 2016 жылы күрделі жөндеу ТОО « Евразия» 35 587 769,00 (отыз бес миллион бес жүз сексен жеті мың жеті жүз алпыс тоғыз теңгеге) жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде 96 дана терезе алмастырылды. 1648 $м^2$ шатыр алмастырылды. Мектеп дәліздерінің 2255 $м^2$ жар, төбелеріне әрлеу жұмыстары жүргізілді. Электрожарықтар алмастырылды: люминесценттік лампылар 130 дана, выключателдер 56 дана, переключателдер 75 дана. Класс кабинеттердің еденіне 612 $м^2$ линолеум төселді, спортзал едені 200 $м^2$ жаңа үлгідегі төсеніштер төселіп,асхана бөлмесіне 64 $м^2$ кафель , 3 қабатың баспалдағына кафель төселді. Ғимарат ішіндегі дәретханалар жөндеу жұмыстары жүргізіліп 6 унитаз, 6 дана раковина қойылып, еден -жарларына кафель төселді. Мектеп сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған.

2016 жылы мектеп қоршауы алмастырылды: 445 $м^2$ темір аула қондырылды. Барлық құны 8 736 000 (сегіз миллион жеті жүз отыз алты мың теңге). Мектеп ғимаратында су құбырлары жүйесі орталықтандырылған, жағдайы қанағаттанарлық.Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер бала-қыз балаларға арналған және қызметкерлерге арналған 9 дәретхана жұмыс жасап тұр. Жылы сумен және қол кептіргіш құралдармен жабдықталған.

Мектепті жаңа оқу жылына дайындау мақсатында мектепті ағымды жөндеу жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлініп турады.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы 60 бейнебақылау камерасы толық істеп тұр, оның 52 бейнекамерасы ішкі және 8 бейнебақылауы сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрады. Мектеп дәліздері, асхана, акт залы, спорт залы, мектеп ауласы барлығы 60 дана камерамен бақыланып отырады.Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші қызмет атқарады.

Мектептің материалдық – техникалық базасы /zhaqsy/. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, комьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Барлық кабинеттер саны -17

1) Бастауыш сыныптар 6 кабинет (428,7 м2) 4-сыныпта дербес компьютер комплектісі, мектеп алды кабинеті -1 (50,8м2) төменгі қабатта орналасқан. Барлығы 6 класс кабинеті 3 дана шкаф және қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған. Барлығы – 6 оқу кабинеті.

2)Физика кабинеті 2023 жылы жаңа жиһаздармен, құрылғылармен, пәнге қатысты көрнекілермен толық қамтамасыз етіліп, жабдықталды және физика пәнінің лабораториясы (13,8м2) үшінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: арбаша 6 дана, күш датчигі-6 дана, абсолютті қысым сенсоры, кернеу датчигі, жазық айна, катушка, машина, жарық беруші, трансформатор, реттеуге жататын тіреуіштер, пружиналар, линза, магниттер, демонстрациялық гальвониметр, қысқыштар, штатив табаны, чемодандар, стержень, көзілдіріктермен жабдықталған.

3)Биология- химия кабинеті (60.7 м2), 2023 жылы жаңа жиһаздармен, құрылғылармен, пәнге қатысты көрнекілермен толық қамтамасыз етіліп, жабдықталды және Биология пәнінің лабораториясы (16,5 м2) үшінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: тоңазытқыштар,таразылар 14 дана, центрифуга, автоматты шамадан қорғау, тотығу-тотықсыздану потенциалының датчигі, өткізгіш датчигі, электрод күшейткіші, электр кернеу датчигі,термометр, муфельді пеш, стакандар, колбалар, ұстағыштар, сынауықтар, сынауықтарға арналған тұрғы, кәрлен табақшалары, шыны таяқшалар, спиртшам, электронды таразы, газ жүретін түтік, сүзгі қағаздар, құтылар, мензуркалар, тұрғылармен жабдықталған.

4) Қазақ тіл мен әдебиеті кабинеті (49,7 м2): 10 парта 20 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, панелдік экран тақтасы, көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

5) Математика кабинеті (66,9 м2): 13 парта 26 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, панелдік экран тақтасы, көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

6)Алғашқы әскери даярлық кабинеті (52,3 м2) 12 парта, 24 орындық, мұғалім үстелімен орындығы,жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған. Сонымен қатар қару-жарақ, оқ-дәрі қоймасында 2 дана АК, 3 дана пневматикалық қару, панелдік экран тақтасы, автомат макеттері -6 дана жабдықталған.

7) Информатика кабинеті 15 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан,монитор,пернетақта) 2 ноутбук, 15 дербес копьютерге арналған үстелдері, барлық оқушы партасы орындықтарымен , мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

8) Медициналық кабинеті лицензия №10387DD 19.11.2019 жылы берілген, жазу үстелі, орындық, кушетка 1 дана, медициналық шкаф 1, канцелярлық үстел 1 дана, ширма, шыны қақпақпен медициналық үстелі 1, тоназытқыш-1, тонометр, фонендоскоп, бактерицидтік шам, медициналық таразы, ростометр, вакцинаға арналған термоконтейнер,үстел шамы, қайшылар, жуынатын раковина (ыстық сумен қамтылған), дезинфекциалық заттар (қоры 3 айға жеткілікті) кеңсе құжаттары (журналдар - 21 медициналық құжаттар жинақталған) т.б.

12) Дене шынықтыру залы (157,2 м2), шешінетін орын, оқытушылар бөлмесі,спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол сеткалары, 12 дана комплект шаңғы, 5 дана коньки, 2 дана волейбол добы, 2 дана футбол, 2 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ -5 дана, шашка-шахмат-5 дана, теннис үстелі 1: сетка, 2 дана ракетка,теннис шары -10, гимнастикалық скамейка-4 дана , скакалка- 5дана, төсеніш (мата) -4 табло 1 дана, 1 дана керме, 1 дана канат арқаны, гимнастикалық шығыршық- 1 дана, 1 дана күреске арналған кілемшесімен жабдықталған.

13) Кітапханада Кітап қоры-16816 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары-15256, көркем әдебиет саны-819, электронный оқулықтар-462дана, оқырмандар саны-250, кітапхана көлемі 36кв. м.

14) Логопед кабинеті.Кабинет жаңадан ашылуда. Құрал-жабдықтармен жабдықталған. Айна дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыруға арналған.

Логопедиялық зондтар – сөйлеу аппаратын дамытуға арналған құралдар.
Суреттер мен дыбыс карталары – тіл дамытатын визуалды материалдар.
Интерактивті тақта немесе ноутбук – мультимедиялық жаттығулар өткізуге.
Дидактикалық материалдар – дыбыс қою, фонематикалық қабылдауды дамыту.
Арнайы жұмыс дәптерлері, логопедиялық ойындар.
Жиһаз – оқушы мен маманға арналған үстелдер, орындықтар.
Аудио-жазбалар, айна және фонетикалық қабырға материалдар.
15) Арт студия кабинеті және теле студия кабинеті.Керекті құрал- жабдықтармен толығымен жабдықталған
- Сурет салуға арналған мольберттер
- Қылқалам, гуашь, акварель, майлы бояулар
- Түрлі-түсті қарындаштар, пастель
- Арнайы үстелдер мен орындықтар
- Жарықтандырғыш шамдар
- Қағаз, кенеп, мүсін жасауға арналған материалдар (глина, пластилин т.б.)
- Интербелсенді тақта немесе экран
- Қауіпсіздік және тазалық құралдары (фартук, салфетка, суға арналған ыдыс).
- Камералар (профессионалды немесе HD)
- Штативтер (тұғырлар)
- Жарықтандыру шамдары (softbox, LED жарық)
- Дыбыс жазу құрылғылары (микрофондар – петличный,студиялық)
- Жасыл фон (хромакей)
- Компьютер (бейнемонтажға арналған қуатты техника)
- Видео және аудио өңдеу бағдарламалары (Adobe Premiere, Audacity т.б.)
- Мониторлар, колонкалар
- Сценарий жазуға арналған құралдар, тақталар

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес.Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (45 %) 1.1 бөлімі бойынша бағасы **uzdik**.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (40%) 1.2 бөлімі бойынша бағасы **ortasha**. Интернет желісіне қосылу 1.5 бөлімі бойынша бағасы **zhagsy**.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекітутуралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 36-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 29-тармаққа сәйкес келеді.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2024-2025 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 20,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 27 сағаттан, 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 29,5 сағаттан, 7-сыныпта –32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 35 сағаттан, 10-сыныпта – 34 сағаттан, 11-сыныпта – 34 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған.Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 40-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 54-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 48-тармаққа сәйкес келеді.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Ұсынылған материалдары зерделеу барысында оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. 2022-2023 оқу жылы бойынша:

Оқу жылдары	Компонент қазақ сыныптар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2024-2025	Инвариантты	17,5	22	25	26	28	28	28	28	29	28	28
	Вариативтік	2	2	3	3	1,5	1,5	4,5	4,5	6	6	6
	Апталық	**19,5**	**24**	**28**	**29**	**29,5**	**29,5**	**32,5**	**32,5**	**35**	**34**	**34**
	Жылдық	**643,5**	**792**	**924**	**957**	**940,5**	**940,5**	**1072,5**	**1072,5**	**1122**	**1122**	**1122**
Оқу жылдары	**Компонент орыс сыныптар**	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**
2024-2025	**Инвариантты**	**19,5**	**22**	**25**	**26**	**28**	**28**	**28**	**28**	**29**	**29**	**29**
	Вариативтік	**1**	**2**	**1**	**1**			**3**	**3**	**6**	**5**	**5**
	Апталық	**20,5**	**24**	**26**	**27**	**28**	**28**	**31**	**31**	**35**	**34**	**34**
	Жылдық	**676,5**	**792**	**858**	**891**	**924**	**924**	**1023**	**1023**	**1155**	**1122**	**1122**

Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіниңинвариантты және вариативті компонент бойыншажалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 55-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 49-тармаққа сәйкес келеді.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2024-2025 оқу жылында 1 қазақ сыныпта оқушы саны-39; 1 орыс сыныпта оқушы саны-28; 2 қазақ сыныпта оқушы саны-32; 2 орыс сыныпта оқушы саны-24; 3 қазақ сыныпта оқушы саны-26; 3 орыс сыныпта оқушы саны-36; 4 қазақ сыныпта оқушы саны-27; 4 орыс сыныпта оқушы саны-38 білім алды.

"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 /өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182/ бұйрығының 2 қосымшасының 1 параграфтың 42-тармағына сәйкес жоғары аталған кластарда сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асыру болды:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі пәнінен бойынша;

2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі пәнінен бойынша;

3) ағылшын тілі пәнінен бойынша;

4) цифрлық сауаттылық пәнінен бойынша;

5 қазақ сыныпта оқушы саны-29; 5 орыс сыныпта оқушы саны-30; 6 қазақ сыныпта оқушы саны-23; 6 орыс сыныпта оқушы саны-52; 7 қазақ сыныпта оқушы саны-29; 7 орыс сыныпта оқушы саны-46 білім алды.

"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 /өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182/ бұйрығының 3 қосымшасының 2 параграфтың 57-тармағына сәйкес жоғары аталған кластарда сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асыру болды:

1)оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;

2) ағылшын тілі;

3) көркем еңбек;

4) информатика;

Осы оқу жылында көркем еңбек пәндері «ұлдар» мен «қыздар» тобына бөлінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 42,43-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 57, 58-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 50, 51,51-1-тармаққа сәйкес келеді.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) **ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);**

2024-2025 оқу жылындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Білім класс» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізген. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігі көлемінің мазмұнын меңгеру сапасы бағаланып аралық бақылау жасалған.Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнынының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатындақорытынды бақылау өткізілген.Аралық және қорытынды аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары атқарылған, сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. 2024-2025 оқу жылында 633 оқушы бойынша оқыту үрдісінің нәтижесі бағаланған. Білім сапасы 2024-2025 оқу жылында 55 % құрды. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған.Ұсынылған материалдарды қарау барысында бейнеконтенттегі инвариантты компоненттегі пәндер бойынша мұғалімдердің сабақтары қаралды, сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі, формативті бағалаудың өткізілуі, педагогтың кері байланыс жасауы, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы, әрбір білім алушыға жеке көңіл бөлу, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану, мұғалімдердің оқыту үдерісінде белсенді әдіс –тәсілдерді қолдануы, өзге де оқыту үдерісі зерделенді.Төмендегідей ұсынымдар жасалады:бастауыш білім беруде- оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көбірек тапсырмалар беру, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде-оқушылардың жеке ізденісіне, сөйлеу мәнеріне көңіл аудару, сабақ барысында жаңа ақпараттық

технологияларды пайдалану, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қадағалау; ағылшын тілі пәнінде - оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көбірек тапсырмалар беру, оқушылардың белсенділігін арттыру, топтық тапсырмаларды жүйелеу, орыс тілі мен әдебиеті пәнінде - үй жұмысына дифференциалды тапсырма берілуін жүйелеу, оқушылардың қызығушылығын арттыру, сабақта олқылығы бар оқушылармен жұмыс жасау, оқушылардың коммуникативті (сөйлеу) дағдыларын дамыту, рефлексия кезеңінде балалармен кері байланыста жұмыс жасау; физика пәнінде- көрнекіліктерді тиімді пайдалану, сабақтарда цифрлық білім ресурстарын тиімді қолдану, сыныпта қолайлы атмосфера орнату; математика, алгебра, геометрия пәнінде- сабақ барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, сабақта уақытты тиімді пайдалану; химия, география, биология пәнінде- оқушыларды географиялық, биологиялық тілде сөйлеуіне, оқушылардың жеке ізденісіне көңіл аудару, сабақта белсенді әдіс –тәсілдердің қолданылуына баса назар аудару; информатика пәнінде- сабақ барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, оқушылармен кері байланыс жүргізуді жүйелеу; көркем еңбек, музыка пәнінде- оқыту процесінде жаңа әдіс-тәсілдер қолдану, білім алушыларға жеке көңіл бөлу; дене шынықтыру, АӘТД пәнінде-сабақ барысында белсенді оқу ортасын құру, оқушылардың қызығушылығын арттыруда түрлі әдіс -тәсілдерді енгізіп, сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру, сабақта қауіпсіздік ережелерінің сақталуын үнемі назарға алу ұсынылады.Білім алушылардың дайындық деңгейі талаптарға сәйкес жасалған.

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2024-2025	9	74	Математика	4	35	35	-	52
		74	Қазақ тілі	8	35	31	-	58
		74	Орыс тілі	18	27	29	-	60
		74	Тандау пәні	15	21	38	-	48
	11	22	Алгебра және АБ	1	12	9	-	59
		22	Қазақстан тарихы	2	12	8	-	63
		22	Қазақ тілі	4	13	5	-	77
		22	Орыс тілі	5	11	6	-	72
		22	Тандау пәні	5	10	7	-	68

2024-2025 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрі 20.04.2023 № 159 бұйрығы басшылыққа алынды.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 54-60- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 66-75-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 67-80- тармаққасәйкес келеді.

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ. Бастауыш білім беру деңгейіндегі 2-4-сыныптарда үй тапсырмалары берілген.Үй тапсырмасын (бір оқу күніне) беруде орындауға жұмсалатын уақыт шығыны ескерілген, үй тапсырмасының көлемі мен мазмұны бойынша білім алушардың орындау мүмкіндігі бар. Үй тапсырмасын орындауға 2-сыныпта 50 минуттан, 3-4-сыныптарда 70 минуттан аспайтын деңгейде оқу тапсырмалары берілген. Сынып журналын зерделеу барысында оқу жылдары бойынша 2,3,4-

сыныптарда үй тапсырмасының орындалуы 100% құрайды. Білім алушылардың мүмкіндігі ескеріліп берілген үй тапсырмалары бойынша талаптар сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 61- тармаққа сәйкес келеді.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған.

2024-2025 оқу жылынан бастап 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес**.**

мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Bilim class» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453)* 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе электронды журналға) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі тереңдетіру үшін жүргізіледі делінген. 2024-2025 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді. Кемшіліктер анықталды, пән мұғалімдерінен түсініктеме алынып, қоса тігілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 63, 64, 65- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 77, 78- тармақ,4-қосымша 4-тарау 83, 84- тармаққа сәйкес келеді.

3) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымында әрбір адамның өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған.Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, жеке оқужоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген.Танымдыққа жеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шараларын жүргізген. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз еткен, барлық білім алушыға ортақ инвариантық бөлім сақталған. Ерекше білім беруді қажететететін балалар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырған. 2024-2025 оқу жылында 7 оқушыға үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген.Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда сараланған, деңгейліктәсілқолданылған, білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңінде есепке алынып, қорытындыланған, білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 67- тармақ, 3-қосымша 4-тарау 80-тармақ,4-қосымша 4-тарау 86- тармаққа сәйкес келеді.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2024-2025 оқу жылында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған.Педагогикалық кеңесте қаралған.Мектеп директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау, 10- сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталған.Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

2024-2025 оқу жылының басында 633 оқушы.Жыл бойында кеткен оқушылар 6, келген оқушылар 36.Мектептен құқыққа қарсы әрекет еткені жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған,оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына,мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданған,сынып жинағы қалыптастырылған.

Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 73-тармақ, 3-қосымша 5-тарау 96-тармақ, 4-қосымша 5-тарау 99-тармаққа сәйкес келеді.

2) **сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау**.

2024-2025 оқу жылында каникул кезеңдері ҚР Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында 2024–2025 оқу жылының басталу мерзімін, ұзақтығын және каникул кезеңдерін бекітті. Орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталады.Бірінші тоқсанда оқу уақыты 8 апта. Күзгі каникул 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда 7 күнге созылады.Екінші тоқсанда оқу уақыты 8 аптаны құрайды. Қысқы каникул

2024 жылдың 30 желтоқсанында басталады және 2025 жылдың 8 қаңтарын қоса алғанда күнтізбелік 10 күнге жалғасады. Бірінші сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда 2025 жылғы 10 ақпаннан 16 ақпанды қоса алғанға дейінгі уақытта ұзақтығы 7 күнді құрайтын қосымша демалыстар беріледі.

Үшінші тоқсан 10 оқу аптасынан тұрады. Ал,11 күндік көктемгі каникул 2025 жылдың 21 наурызында басталып, 31 наурызды қоса алғанға дейін жалғасады.

Төртінші тоқсанның ұзақтығы 8 оқу аптасын құрайды.Сондай-ақ 25 мамырда оқу жылы қорытындыланады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 74, 75, 76- тармақ, 3-қосымша 5-тарау 97, 98 - тармақ, 4 - қосымша 5-тарау 100, 101- тармаққа сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Кемшіліктер мен ескертулер.

1. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген, байқаулар мен конкурстарға қатысу көрсеткіші бірқатар сыныптарда төмен деңгейде қалып отыр.

2. Кейбір педагогтерде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану бойынша төмен.

3. Кері байланыс құзыреттілік деңгейі жүргізуде оқыту нәтижелеріне қатысты нақты өлшемдер мен әдістемелік бірізділік байқалмайды.

4. Жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыруда оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдістер жеткіліксіз қолданылады.

5. Сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру мен зерттеушілік дағдыларды дамытуға жағдай жасау бірізді жүзеге аспайды.

6. Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны формалды сипатта өтіп, оқушылардың нақты қажеттіліктеріне сай келмейді.

7. Шығармашылық және зияткерлік олимпиадаларға қатысу нәтижелері бойынша жоғары жетістіктерге жеткен оқушылар саны шектеулі.

Әдістемелік ұсынымдар:

1.Педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін арттыру.Әдістемелік бірлестіктер аясында пән мұғалімдері арасында іс-тәжірибе алмасу семинарларын, коучингтер мен шеберлік сыныптарын тұрақты түрде ұйымдастыру.Озық педагогикалық тәжірибелерді (Lesson Study, Action Research, критериалды бағалау, жобалық оқыту) кеңінен енгізу.

2.Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру .Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіз әрі дамытушы ортаны құру.Дидактикалық, көрнекілік материалдармен, заманауи құрал-жабдықтармен толықтыру.Монтессори, STEM, арт-терапия элементтерін пайдалануды енгізу.

3.Шығармашылық әлеуетті дамыту.Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, шығармашылық үйірмелер мен курстар ашу. Оқушыларды облыстық, республикалық шығармашылық байқауларға, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатыстыруды ынталандыру.Байқау нәтижелеріне сараптама жасап, кері байланыс беру арқылы дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

4. Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру:

“Біртұтас тәрбие бағдарламасы” негізінде тәрбие бағыттарын нақтылап, сыныптан тыс және сыныпішілік шараларды білім алушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағыттау.

5. Цифрлық ресурстар мен инновациялық технологияларды қолдану:

Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын жетілдіру үшін IT-құзыреттілікті арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету.Онлайн платформаларды (BilimLand, Daryn.online т.б.) тиімді пайдалануға әдістемелік көмек беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Комиссияның 2025 жылғы «30» қыркүйек №2 хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы: _____ **Абдрахманова Айжан Кыдырбековна**

(қолы) (толық аты -жөні)

комиссия мүшелері :

Раева Айман Баймурзиновна

(қолы) (толық аты -жөні)

Алмаганбетова Айгуль Сарсенбиевна

(қолы) (толық аты -жөні)

Жалекешова Гульназ Калиоллаевна

(қолы) (толық аты -жөні)

Куптлеуова Алия Бейбитовна

(қолы) (толық аты -жөні)

Абдуалиева Альмира Аслановна

(қолы) (толық аты -жөні)

Нұрадинова Іңкәр Дәулеткерейқызы

(қолы) (толық аты -жөні)

Уразбаева Салтанат Какимовна

(қолы) (толық аты -жөні)

Идрешова Гулнар Жылкибаевна

(қолы) (толық аты -жөні)